ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ «МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ АВТОШАРУАШЫЛЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «АВТОХОЗЯЙСТВО УПРАВЛЕНИЯ МАТЕРИАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ»

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

2022 жыл 20 желтоқсан | № 264

Астана қаласы | город Астана

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (*бұдан әрі – Заң*) 41-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. 2023 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарына жалпы энергиямен жабдықтау бойынша қызметтер енгізіліп, Заңның 39-бабы 3-тармағы 1 тармақшасына сай бір көзден алу тәсілімен 5 975 200,00 теңге сомасына мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Заңының 4-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, жүзеге асырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жүргізуді өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойған күннен бастап күшіне енсін.

Директордың м.а. **А. Ескендерова**

000078

ШЖҚ «Материалдық техникалық
қамтамасыз ету басқармасы
автошаруашылығы»
директоры Д. Аскаровқа

Қызметтік хат № 602 от 20.12.2022

Өндірістік қажеттілікке байланысты порталда бағалық сұрау салу тәсілімен 2023 жылға арналған энергиямен жабдықтау қызметін сатып алу туралы хабарландыру орналастырылды, хабарландыру 2 рет берілді. Қазіргі уақытта сатып алу болған жоқ.

Өтінімдердің болмауы себебінен сізден рұқсат сұраймын және тиісті бөлімдердің басшыларына энергиямен жабдықтау қызметтерін бір көзден сатып алуды тапсырамын

ҒҚП Бастығы – Бас инженер / **А. Сейтканов**

20.12.2022 ж.